«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.I, Ч.2. - Б. 239-242.**

ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ҚОЙЛАРДЫ ЖАЙЫП-СЕМІРТУ ЖӘНЕ БОРДАҚЫЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Әптіханов А., *магистрант,*
Мият Ж*., магистрант,*
Омарова Қ.М., *- а.ш.ғ.к., аға оқытушы.*

Әлемнің қой өсіру индустриясында еңбектеніп жатқан мамандар көбіне тез семіретін, етті, етті-жүнді тұқым түрлерін өсіруге басымдық беріп жатыр. Бұл үдеріс қой шаруашылығы экономикасында жүннен гөрі қой етінің үлестік басымдығының артқанымен түсіндіріледі. Көп мемлекетте қой шаруашылығы өнімінің жалпы табысындағы қой етінің салмақ үлесі – 90%, жүні –10%-ды құрап отыр.

Еліміздің кең алқап табиғи жайылымдарын тек жергілікті қой түлігі ғана толығымен тиімді пайдалана алады. Жайылым жерлерінің мол болуы – республикадағы етті-майлы бағыттағы қой шаруашылығын экономикалық тұрғыда тиімді салаға айналдыру мүмкіндігін барынша арттырады. Бұл бағытқа жататын қой тұқымдарының негізгі ерекшеліктерінің бірі – олардың тез жетілгіштік қасиеті мен қатаң табиғи- климаттық жағдайларға бейімделгіштігі. Қазіргі таңда халықты етпен қамтамасыз ету мәселесін неғұрлым тиімді жолдар арқылы шешу мақсатында табиғи-климаттық және экономикалық жағдайларға бейімді, әрі ет өнімділігі барынша жоғары, қолдағы өсіріліп отырылған арнайы етті-майлы бағыттағы қой тұқымдарының генофондын рационалды пайдалану қажет. Республикамызда дәстүрлі түрде дамып келе жатқан бұл сала халықты сапалы, әрі арзан қозы етімен, ал жеңіл өнеркәсіп кешенін ақшыл қылшық жүн өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр.

Қазақстанның шөлейт жерлерінде қой еті мен жүнін өндірудің және сапасын арттырудың кең тараған арзан әрі тиімді әдісі – қойды жайып семірту. Ол табиғи жайылымдағы мал азығы көздерін неғұрлым толық және рационалды пайдалануға мүмкіндік береді, тәуліктік орташа салмақ қосуға, малдың қоңдылығы мен тірілей массасын көтеруге көмектеседі. Қазақстанда арзан қой етін өндірудің елеулі көзі - етті-майлы қой шаруашылығын өркендету. Республикамызда етті-майлы қойдың тәуір тұқымының бірі - еділбай қойы. Ол өскелең, семіріп, жетілуі жағынан ағылшынның етті-жүнді қойынан кем түспейді. Бұл қой жергілікті жердің табиғи ауа райына және таулы, қуаң дала, шөлді және шөлейт жерлердің өсімдігіне жақсы

бейімделген. Бірақ бұл тұқымның бойдақ қойын 2-3 жылға дейін қолда ұстау тиімсіз [1,2,3,4].

Еділбай қойларының тоқтылары 4,5-5 айлығында 40 кг және одан да көп тартады, сондықтан оларды осы кезінде етке сойған пайдалы. Жүргізілген тәжірибелердің қорытындыларына қарағанда, 5 айлығында етке сойылған тоқтылырдың таза еті мен майының шығымы 53,7 пайызға жеткен. Осыған сәйкес отардағы саулық қойдың үлес салмағы 70-75 пайызға дейін көтерілген [2,3]. Малды жайылымда ұстаудың маңызы өте жоғары. Жайылым шөбінде қырдан дайындалған пішенмен салыстырғанда қоректік заттар 1,5 есе артық. Өйткені шөпті кептіру барысында ондағы қоректік заттардың біразы жоғалып, олардың мал организміне сіңімділігі (15-20%) нашарлайды. Көк шөптің құрамында мал организмінің қажеттілігін қанағаттандыратын әртүрлі витаминдер бар. Көк шөптің құрамында пішенмен салыстырғанда каротин мөлшері 10 есе жоғары болатыны белгілі. Жайылымдық кезеңді малды толыққұнды азықтандыру оның өнімділігін жоғарылатады. Жайылымдық кезеңде мал өнімдерінің (сүт, ет, жүн) көлемі артады және өзіндік құны төмендейді. Көптеген аймақтарда жайылымдық шөптің азық бірлігінің өзіндік құны басқа азықтармен салыстырғанда 1,5-3 есе төмен [1]. Қой басын табиғи жайылымдықта бағып семірту 100 күнге дейін созылуы мүмкін, ал жасанды жайылымдықта ол 60-90 күнге қысқарады. Бордақылау мен семіртуге бракқа шығарылған саулықтар қозысы бөлінгеннен кейін қойылады, тоқтылар мен сол жылы туылған және тірілей салмағы ең кемі 25-27 килограмм болатын төл де қойылады. Мал семіртуді ұйымдастыру көктемде қолға алынады. Ол үшін бракқа шығарылған саулықтарды (кәрі, желінсаумен ауыратын, тұқым бермейтін), қыс пен көктемде туған төлдер, ал асыл тұқымды шаруашылықтарда барлық бракқа шығарылған ұрғашы тоқтылар мен піштірілген еркек тоқтыларды іріктеп алады. Қойды қолдан бордақылау 60-90 күнге созылады. Бордақылаудың алғашқы жартысында рационда ірі, жұғымды және тамыржемісті азық түрлері мол болуы тиіс. Бордақылаудың аяқкы кезінде оның мөлшерін азайтып, құрама жемді көбейтеді. Бордақылау кезінде толық құнды түйіршік азық – мақта күнжарасы мен шрот (күніне 200 г дейін), сүрлемнің әр түрі, пішендеме сабан, пішен, арпа, сұлы, жүгері сабағы, азықтық бұршақ, ұрпақ, тәтті сірне, барда қолданылады. Минералды азықтарды брикет (сықпа) түрінде, ал ас тұзын жалау үшін кесектей береді. Ұнтақ азық негізінен ірілетіп жармаланған дәннен даярланады [2].

Қозыларды интенсивті азықтандыру 5-6 айлық жасында, салмағы 40-46 килограмға дейін, ал қалыпты бордақылау 8-11 айлық жасында және массасы 50-55 кг жеткенге дейін жүргізіледі. Төлдер рационына бұршақты шөп, тамыр жемістілер, жүгері және жүгері-бұршақтық сүрлем енгізіледі. Қойлардың рационында сапалы пішен болуы тиіс. Нашар азық малдың асқорыту органын бұзады [3]. Қойға арналған жабық мал бордақылау қорасынан гөрі ашық алаңдарда микроклиматтың ең қолайлысы жасалады, ауада артық ылғал жинамайды, қатты шаңданбайды. Қалыпты күн радиациясы, бордақылау алаңындағы микроаймақта ауа алмасуының

жеткілікті болуы малдың физиологиялық күйіне жақсы әсер етіп, олардың мал азығын неғұрлым тиімді пайдалануына ықпал тигізеді. Қойды табиғи және жасанды жайылымдықта дұрыс бордақылап, күтіп бақса салмағы 30-50 пайызға дейін артады. Қажет болған жағдайда малға 2-3 кг шөп және 200-300 г концентратты азық береді. Жақсы дақылдың, бұршақтың оты бар жайылымдықта қойларды семірту үшін жаю мерзімі жайылымдық мерзімі ішінде 12-14 сағатқа созылады. Ауру және әлсіздерін өзінше топқа бөліп, демалатын және суат көзінен ең кемі 1-1,5 км қашықтықта өріске жаяды. Бұл топтағы қойға үстеме азық беріледі. Мал семіртудің алғашқы кезеңінде қорадан неғұрлым қашық, ал соңынан жақын жайылымдықтарды пайдаланады. Жайылымдық пен суат қашық болып, мал тәулік бойы жол жүрсе салмағы төмендеп кетеді. Өріс шөбін мал сүйсіне жеуі үшін оны жиі ауыстыруы немесе тәулігіне екі мәрте суару және ас тұзын беру қажет. Таңертеңгі және кешкі жайылудан соң малға ұзақ уақыт демалыс беріледі [3].

Жайып- семіртілген еркек тоқтылардың көрсеткіштері. Атап айтқанда семіртуге қойылған 4-4,5 айлық еркек тоқтылардың салмағы 30-32 кг, ал жаз бойы 3 ай (90 күн) жайып семіртілген еркек тоқтылардың салмағы 47,1-49,0 кг, тәуліктік салмағы 190 граммды құрады, яғни семірту мерзімінде 17,1 кг салмаққа дейін қосады. Осы еркек тоқтылардың сою көрсеткіштері. Сою сапасын анықтау үшін 5 бас тоқты сойылды. Еркек тоқтылардың сою алдындағы орта салмағы 46,0 кг, ұша салмағы 23,4 кг, ал ұша шығымы 51,0% болды. Семіртуге қойылған еркек тоқтылардың салмағын қосу қабілеті жалпы тұқым тоқтыларға сәйкес болады. Семіртуге қойған мерзімде олардың салмағы 50-43 кг, ал семірту соңында 71,5-64,5 кг, ұша салмағы 36,0-37,0 кг, ал ұша шығымы 50,3-52,7% шамасында болады [5].

Қорытындылай келе, шаруашылықтарда қойларды семірту жазғы, күзгі айларында жайылымда жайып семірту және қысқы көктемгі мерзімдерде бордақылау технологиясы бойынша іске асырылады. Бордақылауға шаруашылықта арнайы салынған бордақылау алаңына және бордақылау қораларына жайып семірту мерзімінде жеткілікті салмақ қоспаған және қоңы төмен әртүрлі жынысты қойлар қойылып, ары қарай зерттеу жүргізілуде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бекмухамбетов Э.А. Кормовые ресурсы Казахстана /Бекмухамбетов Э.А., Рисимбетов / – Шымкент, 2010. -379 б.
2. Мирзабеков С.Ш. Овцеводство/ Мирзабеков С.Ш., Ерохин А.И. Алматы: ИздатМаркет, 2005. - С.205-240
3. Абонеев В.В. Биологическая разнокачественность пород овец и ее роль при откорме / Абонеев В.В. // Овцы, козы, шерстяное дело. - 2006. - №4. - С. 25-28.
4. Osoro K.и др. Forage intake, digestibility and performance of cattle, horses, sheep and goats grazing together on an improved heathland./ Ferreira L. M., Garcia U. // Animal production science. – 2017. T. 57, V. 1. -P. 102-109.
5. Байған Б., Шөлейт жағдайында қой семірту технологиясы /Байған Б., Шәуенов С., Нарбаев С./ Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфуллин оқулары – 9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 198-199.